Айыртау аудандық газеті

# Айыртау таңы

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

БЕЙСЕНБІ, 5 желтоқсан 2024 жыл

№ 48 (1383)

Бағасы 100 теңге

Сайт: http://az.ivest.kz Эл. пошта: airtau_tany@mail.ru

*Облыс жаңалықтары*

## Вице-премьер Тамара Дүйсенова СҚО-ға жұмыс бабымен келді

***29 қараша күні Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова мен СҚО әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов бірқатар әлеуметтік маңызы бар нысандарды аралап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша өзекті мәселелерді шешуге бағытталған кездесулер өткізді.***



Іс-сапар барысында Петропавлдағы «Балдәурен» балабақшасында Тамара Дүйсенова мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларымен кездесті. Жиында мектепке дейінгі білім беру саласының дамуы, оның ішінде балабақшаларды ваучерлік қаржыландыру мәселесі талқыланды.

Вице-премьер жоғары құрылыс-экономикалық колледжінде цехтарды аралап, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының директорларымен жиын өткізді.

М. Жұмабаев атындағы IT-мектеп-лицейінде оқу кабинеттерінің жұмысымен танысып, «Мақсатты мектептер» жобасының жүзеге асуы бойынша мектеп директорларымен жиналыс өткізді. Жоба аясында әдістемелік сүйемелдеу, педагогтердің біліктілігін арттыру және оқу процесін жетілдіру жоспарланған.

Вице-премьер Петропавлдағы жаңа үстел теннисі орталығында спорттық ұйымдардың басшыларымен кездесті. Жиында саланы басқару және балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне қаржыландыру жүйесін енгізу мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту», Ауыл аманаты» және «Серпін» жобаларының жүзеге асуымен танысып өтті.

Қызылжар ауданының Пресновка ауылында жаңа фельдшерлі-акушерлік пункт ашылды. Өңірге сапар барысында Тамара Дүйсенова мен облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов жаңа медициналық мекеменің жабдықталуымен танысып, тұрғындармен әңгімелесті. Сондай-ақ, Петропавлдағы әлеуметтік дәріхана дәрілік заттарды таңдалау жұмысымен танысты.

Бескөл және Явленка ауылдарында «Сатыбалдин» құс шаруашылығы шағын фабрикасы мен «Шамшуменов» кіші фермасында болып, жаңа шығармашылық орталығында креативті жастармен кездесіп, экономиканың жаңа бағыттарын дамыту бойынша ұсыныстар айтылды.

Университеттің жаңа корпусында «Серпін» түлектерімен тілдесті. Кездесуде аталмыш жобаның түлектерін қолдау мәселесі талқыланды.

**СҚО әкімдігінің ресми парақшасы.**

## «Еңбек - елдің берекесі, егін -жердің берекесі»



***Ауыл шаруашылығы – еліміздің қуатын еселеп, қарқынды дамуына ерекше серпін беріп отырған жетекші сала. Ауыл шаруашылығы саласының кең қанат жаюы ауыл еңбеккерлерінің кәсіби шеберлігі, төзімділігі, қажыр-қайраты мен зор жауапкершілігіне байланысты екені даусыз.***

Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күніне орай 28 қараша күні Айыртау аудандық Мәдениет үйінде ауданның агроөнеркәсіптік кешенінің өнімдер көрмесі мен мерекелік концерт өтті.

Агроөнеркәсіптік кешенінің өнімдер көрмесінде әр шаруа қожалығының өнімдері көрермендер назарына ұсынылды. Бір сағатқа жалғасқан көрме соңы кәсіби мерекелік концертке ұласты.

Айыртау ауданының әкімі Мейрам Жақсылықұлы Мендібаев өз құттықтау сөзінде: «Ауыл шаруашылығы экономиканың маңызды бөлігі ғана емес, сонымен қатар біздің ауылдар мен аудандарды сақтаудың кепілі болып табылады. Бұл тарапта аянбай еңбек етіп жүрген өндіріс озаттары, барлық диқандар мен мал өсірушілердің зор үлестері бар», - дей келе, ауданымызда цифрландыру және инновацияларды енгізу жолында белсенді жұмыс атқарып жатқан «Агро Елецкое» ЖШС шаруа қожалығын, сонымен қатар, аграрлық секторда жұмыс істеуге жас мамандарды тарту бойынша үздік нәтижелер көрсеткен «Әдемі Астық», «Аманат Жер», «Лобаново» және «Исағали» ЖШС шаруа қожалықтарын ерекше атап өтті.

Мерекелік іс-шара аясында аграрлық саласының біршама қызметкерлері төсбелгілермен, Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешеніне қосқан көпжылғы еңбегі мен зор үлесі үшін «Еңбек ардагері» төсбелгісімен «Гусаковка» ЖШС директоры Навои Махатайұлы Сердалин, «Еңбек Даңқы» төсбелгісімен еңбек ардагері Виктор Яковлевич Кляус, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен «Ясмина Агро» ЖШС механизаторы Николай Петрович Леонтьев марапатталды.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға қосқан зор үлесі үшін ауыл шаруашылығы Министрлігінің Құрмет грамотасы «Babyk Burluk GCK» ЖШС механизаторы Андрей Геннадьевич Егоровқа, ауыл шаруашылық Министрлігінің Алғыс хаты «Сыздықов» шаруа қожалығының басшысы Қыдырбек Мұратбекұлы Сыздықовқа табысталды.

Сондай-ақ, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін және ауыл шаруашылық, азық-түлік, қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күнің мерекелеуіне байланысты Облыс әкімінің Құрмет грамотасымен «Баянтай» ЖШС механизаторы Ғабит Есмагзамұлы Бейсекеев, «АгроКом-Маденroot» ЖШС механизаторы Игорь Павлович Емельянов, «Саумалколь SUT» ЖШС цехтың шебері Әсел Нұрмұхамбетқызы Қамарланова марапатталды.

Облыс әкімінің Алғыс хаттарымен «Прекрасное» шаруа қожалығының машиналық сауу операторы Лариса Викторовна Боровская, «North Grain» ЖШС механизаторы Серік Мұратұлы Кәрімов, «Саумалколь SUT» ЖШС слесарь-баптаушысы Андрей Геннадьевич Кобелев, «Борисфен» ЖШС машиналық сауу операторы Наталья Алексеевна Маслова, «Babyk Burluk GCK» ЖШС механизаторы Юрий Александрович Попов марапатталды.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін және ауыл шаруашылық, азық-түлік, қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күнін мерекелеуіне байланысты аудан әкімінің Құрмет грамотасымен «Агро- хан» ЖШС механизаторы Саят Ермекұлы Әбілтаев, «Саумалкөл» метеостанциясының басшысы Самал Жетпісбайқызы Әлімжанова, «Агро-Елецкое» ЖШС бригадирі Бейсен Таңатұлы Байтукин, «Ясмина Агро» ЖШС механизаторы Валерий Викторович Гергерт, «Әдемі – Астық» механизаторы Ұлан Саматұлы Ғабдуллин, «Саумалколь SUT» ЖШС слесарь-баптаушысы Сергей Викторович Жиров, «Qaz – QarLtd»-«ХПП №4» ЖШС ауыстыру шебері Тұрғын Зікриенұлы Какеев, «Dostyk Dan GCK» ЖШС есепшісі Татьяна Анатольевна Корниенко, «Dostyk Dan GCK» ЖШС механизаторы Юрий Владимирович Липский, «Исағали» ЖШС бригадирі Сергей Викторович Ней, Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары Дәулет Тоқтамысұлы Серғазин, «Гусаковка» ЖШС механизаторы Виктор Михайлович Суглобов, «Ясмина Агро» ЖШС механизаторы Николай Петрович Черненко, «Саумалколь Агро» ЖШС механизаторы Арнольд Иванович Шиллерт марапатталды.

Сонымен қатар, аудан әкімінің Алғыс хаттары «Zlatogorka GCK» ЖШС механизаторы Василий Алексеевич Абрамовка, «Прекрасное» шаруашылық қожалығының қойма меңгерушісі Апендин Қадіржан Қаражігітұлына, «АгроКом-Маденroot» ЖШС қойма меңгерушісі Бокк Александр Владимировичқа, «Ясмина Агро» ЖШС тоқ меңгерушісі Белоног Людмила Николаевнаға, «Даугирдас» ЖШС механизаторы Бугаев Владимир Анатольевичке, «Исағали» ЖШС механизаторы Кригер Виктор Сергеевичке табысталды.

**(Жалғасы 2-бетте).**

*Тәуелсіздік күніне орай*

## Тәуелсіздік

Тәуелсіздік. Тәуелсіздік ұлы сөз,
Армандаған, көп күттірген жылы сөз.
Тәуелсіздік. Тәуелсіздік көк туым,
Көк байрағым желбіреген жақсы кез.

Тәуелсіздік ата-бабам арманы,
Ұрпақтарға аманат боп қалғаны.
Жетпіс жылдай іштей тынған халықтың,
Таңы атып, бақ жұлдызы жанғаны.

Тәуелсіздік табыстырды тілімді,
Оралтты ғой жүректерге дінімді.
Әр ауылға мешіт үйі салынып,
Сөнген жанып, өшеніміз тірілді.

Жас боздақтар Тәуелсіздік құрбаны,
Отан үшін өмірлерін қиғаны.
Елі, жері ұмытпайды оларды,
Сомдап соғар ескерткіш қып тұлғаны.

Елі үшін көтерілген ұл да бар,
Қиындықта батырлығы сыналар.
Томиристей ту көтеріп аттанған,
Жері үшін көтерілген қыз да бар.

Батырларға жыр дастанын құрармын,
Тәуелсіздік сол жастар деп ұғармын.
Желтоқсанның он алтыншы күнінде,
Еске алып, басымды иіп тұрармын.

Тәуелсіздік мәңгілікке орнасын,
Жау алмасын қазағымның ордасын.
Бұзылмасын бейбіт өмір елімде,
Аспанында күні күліп жайнасын.

**Нұржамила Әлібекова,**
**Қамсақты ауылы.**

# «Еңбек - елдің берекесі, егін -жердің берекесі»

**(Жалғасы. Басы 1 бетте)**

Сонымен қатар, аудан әкімінің Алғыс хаттары «Shalkar Grain» ЖШС механизаторы Қожағұлов Қазбек Молдашұлына, «Shalkar Grain» ЖШС механизаторы Лазоркин Евгений Александровичқа, «Meat Ecology Products» мал сою цехының қызметшісі Малин Владимир Юрьевичке, «Klyuchi GCK» ЖШС механизаторы Нартов Владимир Михайловичқа, «North Grain» ЖШС механизаторы Нестеренко Владимир Петровичке «Гусаковка» ЖШС жүргізушісі Пасюк Иван Ивановичқа, «Zlatogorka GCK» ЖШС механизаторы Раимхен Виктор Викторовичқа, «Dostyk Dan GCK» ЖШС жүргізушісі Рыбалко Дмитрий Владимировичқа, «Ясмина Агро» ЖШС жүргізушісі Самойличенко Александр Владимировичқа, «Гусаковка» ЖШС слесары Самсонов Иван Анатольевичқа, «Лобаново» ЖШС механизаторы Свидов Николай Степановичқа, «Babyk Burluk GCK» ЖШС жүргізушісі Терлецкий Александр Анатольевичқа, «Klyuchi GCK» ЖШС меңгерушісі Шамгон Дәулет Болатұлына, «Прекрасное» шаруа қожалығының басқарушысы Шнайдер Александр Давыдовичқа және «АгроКом-Маденият» ЖШС механизаторы Ялов Павел Николаевичқа табысталды.

Марапаттаудан кейін «Студия 117» би тобы, жігіттерден құралған «Асыл мұра» қазақ шоу квинтеті, Асхат пен Динара, шоудуэт «Gera», Дмитрий Петюль, Мұрат Бекжанов және Владимир Животовский сынды әртістердің орындауындағы жоғары деңгейде ұйымдастырылған мерекелік концерттік бағдарлама іс-шара ажарын айқындай түсіп, көрермендер көзайымына айналды.

Ауыл шаруашылығы – азаматтарымыздың өмір сапасына тікелей әсер ететін экономиканың басты салаларының бірі. Отандық аграрлық сектордың нық дамуы жолындағы тынымсыз, тіршілікке қажетті еңбектеріңізге мол табыс тілейміз.

**Құрметбек БЕЙСЕН.**
**Суретті түсірген автор.**

# Петропавлда Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналған брейн-ринг өтті




***Петропавлда жоғары құрылыс-экономикалық колледжінде Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орайластырылған зияткерлік ойын өтті. Іс-шараға Солтүстік Қазақстан облысы колледждерінің «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің студенттері мен белсенділері қатысты.***

Ойын үш раундтан тұрды, оның барысында қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласындағы өз білімдерін көрсетті және логикалық көзқарас пен тапқырлықты талап ететін ситуациялық тапсырмаларды шешті. Бұл формат жемқорлыққа қарсы күрестің теориялық аспектілерін зерттеп қана қоймай, нақты жағдайда сыни ойлауды дамытуға мүмкіндік берді.

Солтүстік Қазақстан облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің өкілі атап өткендей, мұндай іс-шаралар өңір жастары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу жөніндегі жүйелі жұмыстың маңызды бөлігі болып табылады.

Брейн-ринг қорытындысы бойынша жоғары құрылыс-экономикалық колледжінің «Фемида» командасы жеңіске жетті. Екінші орын Жалел Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжінің «Заңгер» командасына бұйырды, ал үшінші орынды гуманитарлық-техникалық колледждің «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің өкілдері иеленді.

Іс-шараны ұйымдастырушылар мұндай байқаулар жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға және қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңыздылығын түсінуге ықпал ететініне сенім білдірді.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің баспасөз қызметі.**

# Бизнесті қорғаудың қамқоршысы

***Бүгінгі күні біздің республикада жеке кәсіпкерлікті қорғауға және қолдауға аса маңызды рөл бөлінуде. Барлық әрекеттер мемлекет тарапынан шағын, орта және ірі бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.***

Бизнесті сәтті дамытудың негізгі шарттарының бірі тұрақты құқықтық база жасау болып табылады. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданды. Соңғысының негізгі бағыты жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бақылау және қадағалау функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен өзара қарым – қатынастар тәртібін реттеу.

Жоғарыда аталған Кодексте шағын бизнеске, мемлекет тарапынан оны қолдау тетігіне ерекше орын бөлінген. Аталған нормативтік актінің негізгі принциптері оны елімізде басым дамыту, мемлекеттік кешенді қолдау, инфрақұрылымды дамыту ретінде анықталған.

Сонымен бірге, Кодексте әр саладағы бақылау және қадағалаудың барынша түрлерінің тізбесі көрсетілген арнайы қосымшасы бар. Аталған қосымшаның маңыздылығын атап өту керек, ол мемлекеттік бақылаушы органдардың тарапынан бақылау – қадағалау функцияларын жүзеге асыруды және жеке кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз араласуды төмендетуді реттейді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілердің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың арнайы тәртібі белгіленген.

Бірақ, бақылау және қадағалау органдары-ның тарапынан жеке кәсіпкерлікті қорғау саласындағы қолданыстағы заңды толық және мүлтіксіз басшылыққа алу негізгі міндет болып қалуда.

Сонымен, 2023 жыл мен ағымдағы жылдың өткен кезеңі ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы мемлекеттік бақылаушы органдардың тіркеуден өтпеген 7 тексеруді анықтады.

Сонымен қатар, 23 жағдайда субъектілердің қызметін тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеуден өткізуге бас тартқан, осы жағдай мемлекеттік органдардың тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласудың алдын алуға мүмкіндік берді.

Бақылау және қадағалау органдарының тексеруді тағайындау туралы актілерді тіркеуден өтуге бас тарту құқығын жүзеге асыру кәсіпкерлік қызметті қорғаудың әрекетті шаралары болып табылады.

Бірақ, кәсіпкерлік қызметтің мемлекеттік бақылаудан толық алынды деп айту дұрыс болмаушы еді. Дегенмен, мемлекеттік бақылау және қадағалау жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға кедергі болмау керек.

**А. МҰҚАНОВ,**
**ҚР БП ҚСжАЕК СҚО бойынша департаментінің бөлім басшысы.**

# Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік мүлікті мақсатсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілігі

***Мүлік - бұл кез - келген жеке тұлғаның, заңды тұлғаның немесе қоғамдық - құқықтық құрылым меншігіндегі заттардың жиынтығы.***

Бұл ретте, мемлекеттік мүлік ұғымы бар, оның түрлері 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының №413-IV Заңының 2 - бабында ашылып, республикалық және коммуналдық түрлеріне бөлінеді.

Бұл мақалада біз Әдеп кодексінің нормаларын сақтау призмасы арқылы мемлекеттік мүлікті мақсатсыз пайдаланғаны үшін мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарастырамыз.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңға сәйкес, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган шағымдарды қарайды және мемлекеттік қызмет, мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтер көрсетуі және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп саласындағы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Әдеп кодексінің 6 - тармағының 8) - тармақшасының талаптарына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін және рұқсат етілген қызмет түрлерін орындау үшін пайдалануы тиіс.

Көбінесе, іс жүзінде, бұл мемлекеттік органдарға бекітілген қызметтік автокөліктерді нысаналы мақсатсыз, жеке мақсатта пайдалануына қатысты.

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік мүлік ретінде қызметтік автокөлікті нысаналы мақсатсыз пайдаланған кезде мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттары бұзылады.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің 12 - тармағына сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын бұзуы мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті қызметтік автокөлікті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланудың тұрақты мониторингін жүргізеді.

Ағымдағы жылы Департаменттің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының қызметкерлері полиция департаментінің автокөлік құралдарын тіркеудің автоматтандырылған жүйесінің деректерін пайдалана отырып, автокөлік құралдарын қызметтен тыс мақсаттарда пайдалануды анықтау бойынша тәжірибені алғаш рет қолданды.

Бекітілген жүргізушілердің қызметтік автокөліктерді пайдалану жағдайлары анықталады, олар еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады, өйткені олар шарттық міндеттемелерге сәйкес материалдық жауапты тұлғалар болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік мүлікті нысаналы мақсатсыз пайдалануда көрсетілген әдеп нормаларын бұзған жағдайда, Сіз Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің сенім телефонына 8-7152-46-58-89 нөмірі бойынша жүгіне аласыз.

***Б. ЖАНБОЛОВ,***
**Мемлекеттік қызмет агенттігі департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің
2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығына
1- қосымша

# «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары

*(2021 жылғы 19 қазандағы №312 өзгерістермен)*

***1-тарау. Жалпы ереже***

1. Осы «Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (бұдан әрі – Заң) 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) архивтік анықтама – ұйымның хат бланкісінде жасалған, жеке және заңды тұлғаларға қажетті ақпаратты жасауға негіз болған архивтік құжаттардың сақтау бірліктерінің архивтік шифрлері мен парақ нөмірлері көрсетілген осы ақпаратты қамтитын, заңды (түпнұсқа) күші бар құжат;

2) архивтік көшірме – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 576 қаулысымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архив құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтермен толықтыру, сақтау, есепке алу және пайдалану қағидасына 431-тармағына сәйкес архивтік шифр және сақтау бірлігі парақтарының нөмірлері көрсетілген, ресімделген, архивтік құжаттағы мәтінді сөзбе-сөз көрсететін көшірме;

3) архивтік үзінді – архивтің хат бланкісінде жасалған, архивтік құжат мәтінінің белгілі бір фактіге, оқиғаға, адамға қатысты бөлігін сөзбе-сөз көрсететін сақтау бірліктерінің архивтік шифрі мен парақтар саны көрсетілген құжат;

4) мемлекеттік архив – Ұлттық архив қорының құжаттарын жинау, сатып алу, жинақтау, ретке келтіру, тұрақты сақтау, мемлекеттік есепке алу мен пайдалану құқығы берілген мемлекеттік мекеме;

5) орталық мемлекеттік архив – архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органның қарауындағы мемлекеттік архив;

6) цифрлық құжат – мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді және өзге де қызметтерді электрондық нысанда алу үшін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде цифрлық құжаттар сервисімен қалыптастырылатын қажетті электрондық құжат.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті «Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі, орталық мемлекеттік архивтер, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, қалалардың, аудандардың мемлекеттік архивтері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі–Мемлекеттік корпорация) не «электрондық үкімет» www.egov.kz (бұдан әрі–портал) веб-порталы арқылы жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі кіретін мемлекеттік қызметті көрсетудің негізгі талаптарының тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартында жазылған.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакция-да – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 №312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1.Құжаттар топтамасы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесіне сәйкес келген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы «Электронды құжаттардың бірыңғай архиві» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне мәліметтерді енгізеді (бұдан әрі – «ЭҚБА» АЖ).

Ескерту. Қағида 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, оның көшірмесіне кеңсе қызметкерінің тегін және күнін көрсете отырып қабылданғаны туралы белгі қойылады, портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорация арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жеке басын куәландыратын құжатты, немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады) және заңды тұлға үшін – өкілеттігін растайтын құжат не жеке тұлға үшін – нотариалды куәландырылған сенімхат (уәкілетті өкіл жүгінген кезде) ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті «электрондық үкімет» шлюзы арқылы «ЭҚБА» АЖ-ға жолдайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакция-да – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік кооПоряция жұмыскері «электронды үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

7. Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттар топтамасын беру кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдау туралы қолхатты береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакция-да – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі немесе Мемлекеттік корпорация арқылы не портал арқылы түскен өтінішті кеңсе қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыға береді (сағат 18.00-ден кейін түскен жағдайда, өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі).

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және Стандарттың 8-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттарды қоса бере отырып, өз басшысының атына қорытынды кіргізеді, оның негізінде 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім қабылданады және көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 8-тармағына сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қандай талаптарға сәйкес келмейтінін және оны сәйкес келтіру мерзімдерін көрсете отырып хабарлама жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды, егер көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды талаптарға сәйкес келтірмесе, онда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты беру туралы шешім қабылдайды.

Жауапты орындаушы 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде құжаттарды қарастырады (зерделейді) және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындайды.

Жауапты орындаушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жіберуге дайындайды.

Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін екі және одан да көп ұйымдардың және (немесе) 5 (бес) жылдан астам кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайда, жауапты орындаушы қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімінің 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылғандығы туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Құжаттар (мәліметтер) мемлекеттік сақтауда болмаған жағдайда жауапты орындаушы құжаттар түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіде сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) мемлекеттік сақтауда жоқ екендігі туралы немесе сұранымды тиесілігі бойынша басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жолданғандығы туралы жауап дайындайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакция-да – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Архивте сақталатын архивтік құжаттардың құрамына жатпайтын сұрау салу тіркелген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиесілігі бойынша қажетті архивтік құжаттар сақталатын басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жіберіледі және бұл туралы көрсетілетін қызметті алушы хабарланады.

Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәліметтерді растау жөніндегі архивтік анықтама, архивтік құжаттың көшірмесі немесе архивтік үзінді, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушіде сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) мемлекеттік сақтауда жоқтығы, сұрау салуды тиесілігі бойынша басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жіберу туралы жауаптар не қағаз / электрондық түрдегі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті алушының жеке куәлігін, немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жүзеге асырады, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін жүзеге асырады, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакция-да – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде шағым қызметті берушінің басшылығына қызметті берушінің интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайларға, не Министрлік басшысының атына жолданады: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, «Министрлік үйі» ғимараты, № 15 кіреберіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі. Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді. Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакция-да - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

12. Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакция-да - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті алушы шағым берген кезде оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакция-да – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 19.10.2021 № 312 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы, Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

15. Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен шағым оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

16. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген тәртіппен жоғары тұрған органдарға не сотқа жүгінеді.

Министрдің міндетін атқарушы 2021 жылғы 19 қазандағы № 312 Бұйрыққа
1-қосымша
«Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмесі немесе архивтік үзінділерді беру»
мемлекеттік көрсету
1-қосымша
Нысан

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдер дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві» КММ

_______________________________________________
(көрсетілетін қызметтіберушінің атауы)

_______________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты) (ол болған жағдайда)
Тұратын мекен-жайы:_____________________________
(жеке тұлға үшін)/заңды мекенжайы (заңды тұлға үшін):
Байланыс телефоны:______________________________
Электрондық мекен-жайы:__________________________
Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмір:__________________

**Өтініш**

Әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәліметтерді растау туралы архивтік анықтаманы немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беруді сұраймын:
_______________________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының қажеттілігіне қарай сұралатын мәліметтер, еңбек өтілі, еңбек ақысының мөлшері, жасы, отбасы құрамы, білімі, марапаттауы,
_______________________________________________
зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аудару, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, жазатайым оқиғалар, емделуде, эвакуациялау,
_______________________________________________
қуғын-сүргіндерді қолдану, оңалту, әскери бөлімдер мен құрамаларда қызмет көрсету, экологиялық апат аймақтарында тұру, бас бостандығынан
_______________________________________________
айыру орындарында болу азаматтық хал актілері және мемлекеттік архивтерде сақталатын өзге де мәліметтер корсетіледі)
_______________________________________________
(тегі (қыз тегі), аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда, мәліметтер сұралатын) адамның туған күні)
_______________________________________________
мәліметтер сұралатын кезең) (күні, айы, жылы (-дары) айы, жылы (-дары)/ жылы (-дары)
_______________________________________________

Қосымша: сұралатын мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері мәліметтер (бар болған жағдайда):

_________________________________.

Ақпараттық жүйелерде заңмен қамтылған және қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өзім көрсеткен тұрғылықты жердің (орналасқан жердің) мекен-жайдың, жұмыс орнымның, ұялы байланыстың абоненттік нөмірімнің, электрондық мекенжайдың дұрыс екендігін, ал көрсетілген контактілерге жіберілген хабарлама (хабархат) тиісті және жеткілікті деп саналатындығын өз қолтаңбаммен растаймын.

«___»____________ 20___ жыл __________________
(қолы)

(**Жалғасы 6-бетте.**).

# «Шуағын шашқан әжелер»

***27 қараша күні Саумалкөл қазақ орта мектебінде бастауыш сынып онкүндігіне орай «Шуағын шашқан әжелер» атты әжелер сайысы өткізілді.***

Іс-шараға 89 жастағы тыл ардагері Кабдушева Гүлсім әже, Айыртау ауданының «Аналар қауымдастығының» басшысы Нурбахтинова Айсұлу әже, ардақты ұстаз Ақзейнеп Нысанбайқызы, педагогика ғылымдарының үздік зейнеткер ұстазы Ережепова Нұрғайша әже, отбасында немерелер тәрбиелеп отырған Байтукина Сәуле және Акишева Бақыт әжелеріміз қатысты. Сайыстың шарттары бойынша әжелеріміз өздерін таныстыру мен өнерлерін ортаға салу ерекшеліктерімен, өз қол өнері мен қазақтың салт-дәстүрлерін көрсетумен және «сыр сандық» сұрақ-жауап айдары арқылы бақтарын сынады.

Әулеттің арын арқалап, ақ жаулығын жамылып келген ардақты әжелеріміз бірінші кезең бойынша немерелерін жетектеп, өлең жолдарымен өздерін таныстырып өтті. Өнер сайысы айдарында әрқайсысы әсем сазды әуендерін ортаға салып, бір-бірінен кем түспеді. Он саусағынан өнер тамған өнерлі де, өнегелі әжелерімізді топ ішінен айқындай түскен «Өнерлі саусақтар» айдары болды. Бұл кезеңде әжелеріміз үйде дайындап келген өз қолөнер бұйымдары мен тағамдарын қазылар алқасының назарына ұсынды. Қазақтың ұлттық оюларымен нақыштылған көрпешелер мен орамалдар, ұлттық тағамдар мен басқа да қол өнер бұйымдары жылдар мен ғасырлар өтсе де әжелеріміздің асыл құндылықтарымызды осы күнге дейін құнын жоғалтпай, өскелең ұрпаққа үздіксіз насихаттап отыратындығының айқын дәлелі.

«Салт-дәстүрім қазынам» айдарында ғасырлар қойнауынан сыр шерткен салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырды. Бұл кезеңде бесікке салу, шолпы тағу, тұсау кесу, сүйінші сұрау, байғазы беру сынды дәстүрлер ортаға салынды. Осы іс-шара аясында Гүлсім әжеміздің шөбересінің тұсауы шынайы түрде кесілді. Шаңырақ үлкендерінің қалауы бойынша бүлдіршіннің тұсауын Айыртау аудандық аурухананың хирург мамасы Ерлан Бектасұлы Ғалымов кесті. Алғашқы қадамдарымен тәй-тәй басқан сәби алдына қойған заттардың ішінен



медициналық құралды таңдады. Бүлдіршінге Ерлан Бектасұлының жақсы жолдарын берсін, жүрген жолы әрдайым ашық болсын деп тілейміз! Сайыстың шешуші кезеңі «Сыр сандық» сұрақ-жауап айдарында әжелерімізге салт-дәстүр, көне сөздер мен әдеп-ғұрыптар жайында сұрақтар қойылды.

Әділ-қазылар қорытындысы бойынша сайысқа түскен барлық әжелерімізге номинациялар бойынша жүлделер, естелік сыйлықтар табысталды. Бастауыш сынып онкүндігіне орай ұйымдастырылған атаулы шараға қатысып, белсенді ат салысқаны үшін және қазақтың салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын өскелең ұрпаққа насихаттау жолындағы тәлім тәрбиелері үшін ақ жаулықты әжелерімізге мектеп директоры Меңдігүл Олжабайқызы зор алғысын білдірді. Аталған іс-шара асыл әжелеріміз бен қазыналы қарттарымыздың отбасы тәрбиесіндегі алатын маңызды орынын барынша айқындай түсті.

**Құрметбек БЕЙСЕН.**
**Суретті түсірген автор.**

# Спорттық отбасы-салауатты ұлт



***25 қараша күні Саумалкөл қазақ орта мектебінде 4 “б” сыныбының сынып жетекшісі Айгүл Жантемірқызы Абированың ұйымдастыруымен “Спорттық отбасы – салауатты ұлт” атты спорттық іс-шара өтті. Аталмыш іс-шара мектептегі бастауыш сыныптардың онкүндігіне орай ұйымдастырылған болатын.***

Сайысқа сыныптан үш отбасы қатысып, спортқа деген құлшыныстарын көрсете білді. 6 кезеңнен тұратын сайысқа директордың тәрбие ісі бойынша меңгерушісі Ержан Алғожин, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Ерлан Шаймергенов пен Арман Жарылғасовтар қазылық етті. Ұпай сандарының қорытындысы бойынша керемет нәтиже көрсеткен Майтыновтар отбасы жүлделі I орын иеленді, ал II орынды Тюлебаевтар отбасы еншілесе, III орынға Қасымовтар отбасы ие болды.

Өте әсерлі де қызықты кеште спортпен қоса интеллектуалды ойындар, ұлттық спорт – асық ойыны болды. Мұндай іс-шаралар сыныптағы ұйымшылдықты, қызығушылықты, ата-ана-бала-ұстаз арасындағы қарым-қатынасты нығайтатыны сөзсіз. Әр кезеңге түрлі тапсырмалар қою арқылы, топ мүшелері түгел қатысып, кеш қыза түсті. 4 “б” сыныбының оқушылары және мектеп мұғалімдері жанкүйер болып, әр топқа сәттілік тілеп отырды.

Қатысушылар дипломмен, медальмен және 1- орын иегерлері кубокпен марапатталды. Бұл іс-шараны ұйымдастырып, ата-аналар мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайта түскен сынып жетекшіміз Айгүл Абироваға айтар алғысымыз шексіз. Балаларымызды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, шығармашылықтарын дамыту, оқу үрдісін түрлендіру жағын да ойластырып, әрқашан да ой ұшқырлығы, сабырлығымен, кәсібилігімен көзге көрінеді. Ұстазымызға болашақта тек сәттілік тілейміз!

**Гүлім ТЮЛЕБАЕВА,**
**4 «б» сыныбының ата-анасы.**

# Мемлекеттік қызметші этикасы

***Мемлекеттік қызметші үшін өзіне шектен тыс сенімді болу, қызметтестеріне, бағыныштылары мен келушілерге шыдамсыздық көрсету – үлкен қателік. Мемлекеттік қызметшінің ақикат шыншыл болуы – оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады. Ол екіжүзділікке, өтірік айтуға, ырғақтарды жеке мақсаты, мансабы үшін өзгеше сипатта қарауға, түсінуге қарсы.***

Мемлекеттік қызметшіге, өзге мамандық иелеріне қарағанда тәкаппарлық тіпті де жараспайды. Ол адамдарға қатынасындағы менмендікпен, олардың білімі мен тәжірибесін менсінбеушіліктен, өз орнын аса биік бағалаудан, қолы жеткен табысқа мастанудан, өз мүмкіндігін асыра бағалаудан көрінеді.

Қоғамдық пікірді есепке ала отырып, өз – өзіне жоғары талап қоя білу мемлекеттік қызметшінің өзін – өзі ұдайы жетілдіру ғана емес, өзгелерден сондай жетілуді талап ету болып табылады. Талап қоя, сұрай білу де – мемлекеттік қызметшінің кәсіптік имиджінің моральдық кодексінің талаптарының бірі. Талап ету – сенім білдірумен, сыйлаумен сабақтасып жатуы қажет. Мемлекеттік қызметшіге қажет бір қасиет – тыңдай білу. Тыңдай білу сөйлеушінің сөзін бөлмей мақұлдау ғана емес, оның ойына, сезіміне ортақтасу. Сөйлеп отырған адамға тыңдаушының бет құбылысы: бейтарап отыр ма, жалығып кетті ме, әлде қызығып, көмектесуге дайындалуда ма бәрі әсер етеді. Қызметшінің жеке бас проблемасы әңгімелесушінікіне қарағанда анағұрлым күрделі, қиын мәселе болса да, ол тыңдаушы ретінде өз проблемасын естен шығара тұруы тиіс. Моральдық сапа қасиеттерінің ішіндегі ең шынайысы – мемлекеттік қызметшінің өз беделі.

Беделдің жиналуы – өз ісін терең білуі мен қажымас еңбек, адалдық пен әділдік, қарапайымдылық пен байсалдылық, өзіне де, өзгелерге де талап қоя білушілік және парыз бен жауапкершіліктің дамыған деңгейі. Мемлекеттік қызметшінің басты қызметі болып табылатын адамдармен қарым – қатынастағы басшылық – қоғамның басты өндіруші күші – адамдармен «адам факторымен» жұмыс істей білушілік. Мемлекеттік қызметші болу, бұл – адамдармен тең қарым – қатынаста болу, кез келген жағдайдан жол таба білу, өз сезімін басқара білу. Жеке қарым – қатынастар. Өзін – өзі ұстау мәнері өзара амандасудан басталады. Қызмет шарты бойынша «кім ақылды әрі тәрбиелі болса, сол бірінші амандасады». Әйел адамның қызметтік құқы ер адаммен бірдей болғандықтан, өзі бастап амандаса беруіне болады.

Тап – таза, өзіне сенімді, сыпайы, көзге ұрып тұратын артық жылтырақсыз киінген қызметкер сенімге тез ие болады. Тиімді қарым – қатынас.Тиімді қарым – қатынас үшін әңгімелесуші өзіне бейімдеудің, өзін – өзі икемді ұстаудың, ұстамдылық пен ашық адамға тән қасиеттерді меңгерудің маңызы зор. Егер келуші қысылыс білдіріп, мазасызданса, сіз өзіңіздің қарапайым ұстамыңызбен келушіні тыныштандыра аласыз. Сөйлеу білу. Сөйлеп білмей, ойлауға дағды алу мүмкін емес. Жақсы сөйлеуге үйрену үшін не істеу керек? Біріншіден, әдеби кітаптар оқып, өлеңдер мен көркемсөздер жаттау арқылы жадыңыздағы жақсы сөз тіркестерін үнемі жаңғыртып отырыңыз. Сіздің миыңыз неғұрлым көп мәтінді сақтаған сайын Сіз қажет кезде оларды дайын күйінде қолдана қоясыз. Екіншіден, өз сөзіңізді жақсы ұғыныңыз. Әрбір сөйлеміңіз қысқа да нұсқа, сауатты құрылған сөйлемдерден болуы тиіс.

Сіз ойыңызды дұрыс құрап жеткізе алмасаңыз, қандай құнды пікір айтам дегенмен ол дұрыс қабылданбауы мүмкін. Белсенді тыңдау. Сіз айналаңызды ынта қоя тыңдаған сайын, сөйлеуші де Сізге ықыласпен әңгімелей түседі. Сіз өзіңіз біреуді ықыласпен тыңдасаңыз, Сіз сөйлегенде, ол да Сізді сондай ынтамен тыңдамақ. Белсенді тыңдай отырып, мәселе бойынша орынды сұрақтар қоя білу – адамның көзін жеткізудің маңызды бір бөлігі. Әдетте, қызметтегі жоғарылаулары жақсы сөйлейтіндерге қарағанда жақсы тыңдай білетіндер тез алады.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметкер санатына түбегейлі орныққан жеке тұлға ең алдымен Қазақстан Республикасы «Әдеп Кодексінің» талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасына қатысты қойылатын талаптарымен танысып, оларды сақтауға міндеттенуі тиіс.

**А. МАКИШЕВ,**
**Айыртау аудандық сотының бас маманы.**

# Қазақстандықтар нені талқылауда: тауарлардың міндетті таңбалануы

***2019 жылдан бастап Қазақстанда ЕАЭО-да тауарларды сәйкестендіру тәсілімен таңбалау туралы келісім және «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы аясында іске қосылған тауарларды міндетті таңбалау жүйесі белсенді қолданылуда. Оны техникалық іске асыруды Сауда министрлігі өткізген ашық конкурс негізінде 2019 жылы Бірыңғай оператор ретінде таңдаған «Қазақтелеком» АҚ жүзеге асырады.***

Міндетті таңбалау нарықтың ашықтығын арттыруға, 2023 жылы 1,5 триллион теңгені құраған тауарлардың көлеңкелі айналымының көлемін барынша азайтуға және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге арналған. Қазіргі уақытта темекі өнімдері (2020 жылғы 1 қазаннан бастап), аяқ киім (2023 жылғы 1 сәуірден бастап) және дәрі-дәрмектер (2024 жылғы 1 шілдеден бастап) міндетті түрде таңбалануы тиіс.



Таңбалауды енгізудің негізгі қағидаттарына мыналар жатады: әлеуметтік-экономикалық салдарларды бағалау бойынша пилоттық жобаларды өткізу, енгізудің орындылығын талқылау үшін талдау және қоғамдық тыңдаулар, нормативтік құқықтық базаны үкіметпен келісу және бекіту.

Міндетті таңбалауды тек қана мемлекеттік органдар ведомствоаралық комиссияның қорытындылары негізінде енгізеді. Бірыңғай оператор таңбалаудың ақпараттық жүйесін әзірлейді және жүргізеді, Ұлттық өнім каталогын ұсынады, нарыққа қатысушыларға тегін қолдау мен оқытуды қамтамасыз етеді. Оператор таңбаланатын өнім топтарын таңдауға әсер етпейтінін және нормативтік базаны құруға қатыспайтынын ескеру маңызды.

Өнімді таңбалау тұтынушыларды контрафактілік өнімдерден қорғауға, жеткізу тізбегінің ашықтығына кепілдік беруге, көлеңкелі айналым деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Мысал ретінде 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап енгізілген дәрілік заттарды міндетті таңбалауды келтіруге болады. Қаптамадағы бірегей код дәрінің өндірушіден тұтынушыға дейінгі бүкіл жолын бақылауға мүмкіндік береді, контрафактілік тәуекелді барынша азайтады және өмірлік маңызды дәрілік заттардың тұрақты жеткізілімін қамтамасыз етеді.

Аяқ киім секторы үшін өтпелі шаралар қарастырылды, оның ішінде таңбаланбаған өнімді сату мерзімдерін ұзарту және Қазақстан Республикасының аумағында импорттық аяқ киімді таңбалау мүмкіндігі берілді.

Таңбалау жүйесі есеп жүйелерімен біріктірілген, ол операциялардың қайталануын болдырмайды. Сонымен қатар, нарыққа қатысушыларға ыңғайлы болу үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, таңбалау жүйесінде тіркелуге, тауарлардың есебін жүргізуге және олардың қозғалысын басқаруға, сондай-ақ тауарды айналымға енгізу мен шығару процестерін жеңілдетуге мүмкіндік беретін NaqtySauda.Akt мобильді қосымшасы әзірленді.

Таңбалау жүйесі тұтынушыларға Naqty Onim қолданбасы арқылы тауарлардың заңдылығын тексеру құралын ұсынады. Кодты сканерлеу арқылы пайдаланушы өнімнің шығу тегі және оның сипаттамалары туралы ақпаратты алады, бұл оған саналы таңдау жасауға мүмкіндік береді.

Болжамдарға сәйкес, 2030 жылға қарай таңбалаудың арқасында темекі, аяқ киім және фармацевтикалық өнімдер санаттары бойынша 198 миллиард теңгенің тауарын көлеңкеден шығару жоспарлануда.

**Қазақстандағы тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторының баспасөз қызметі.**

БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

## Баспасөз аңдатпасы

***2024 жылдың 13 желтоқсан күнді «БЖЗҚ» АҚ онлайн форматта «Ашық есік күнін» өткізеді.***

Іс-шара тақырыбы: «ИПБ-лардың инвестициялық стратегиялары. Салымшылар үшін өзекті мәселелерді талқылау».

Онлайн кездесу барысында БЖЗҚ мамандары мен инвестициялық компаниялардың өкілдері Инвестициялық портфельді басқарушылар туралы толыққанды мәлімет беріп, жинақты сенімгерлікпен басқаруға аударатын компанияны қалай таңдауға болатыны, аудару қағидалары туралы баяндайды.

Негізгі күн тәртібінен бөлек, қатысушылар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты барлық сауалдарына білікті мамандардан ақыл-кеңес ала алады.

Іс-шараға қатысу үшін тіркелу керек.

Мобильді құрылғы арқылы **Webex Meet** қосымшасын орнату қажет;

дербес компьютер арқылы **https://enpf.webex.com** сайтқа өтіңіз.

Содан кейін әр сессия үшін event-кеңестің нөмірі мен паролін жеке енгізу:

**Бірінші сессия** сағат **10:00-да** өткізіледі: event-кеңес нөмірі**: 2514 847 2407;** оқиға паролі: **SKOF.**

**Екінші сессия** сағат **14:00-де** өткізіледі: event-кеңес нөмірі: **2512 048 3957;** оқиға паролі: **SKOF.**

